



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есик» ауданы,
Мәңгілік ел дамуы, 55/13
факс: +7 (7172) 202-590
e-mail: astanadaryny@mail.ru

010000, город Нур-Султан, район «Есик»,
пр. Мәңгілік ел, 55/13
факс: +7 (7172) 202-590
e-mail: astanadaryny@mail.ru

31.01.2022 № 22/05-09

Нұр-Сұлтан қаласы білім беру мекемелерінің директорларына

«Астана дарыны» ДДЖПС орталығы мен М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы бірлесе отырып, 8-10 сынып оқушылары арасында «М.О. Әуезовтің рухани шәкірттері» атты қалалық ғылыми жобалар конкурсын **офлайн** форматта өткізетінін хабарлайды.

Конкурстың мақсаты: оқушыларды қаламгердің әдеби мұрасымен таныстыру, насихаттау, зерттеу, ғылыми қабілеттерін арттыру, әдеби тіл байлығын кеңейту, жазушы шығармаларының рухани құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Ережеге сәйкес конкурс екі кезеңнен тұрады (ережесі қосымшада берілген).

- 1) Іріктеу кезең (ғылыми жобалар сараптамадан өтеді) – **25 ақпанға дейін** жұмыстар 86mektap.gimnaziya@bk.ru мектеп поштасына жіберіледі. Сараптаманың қорытындысы **11 наурыз күні** жарияланады.
- 2) Қалалық кезең – **15 наурыз күні** М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында өтеді (мекенжайы: *Нұр-Сұлтан қаласы, А.Бөлекпаев 20*).

Секциялар атауы:

1. М.О.Әуезовтің әдебиеттану ғылымындағы орны.
2. М.О. Әуезов және тарих.
3. М.О. Әуезов және әлем әдебиеті

Қосымша ақпаратты байланыс телефондарынан алуға болады:
87011092507 / 87021501068.

Директор

Ғ.Тұрсынов

Орынд: О.Утепов
87011654321



«М.О. Әуезовтің рухани шәкірттері» атты І қалалық ғылыми жобалар конкурсының

ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ереже

Ғылыми жоба конкурсының дайындығы, оны өткізу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы мен М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылар арасында **«М.О. Әуезовтің рухани шәкірттері»** атты қалалық ғылыми жобалар конкурсы **офлайн** форматта өтеді.

Конкурстың мақсаты: мектеп оқушыларын жазушының әдеби мұрасымен таныстыру, насихаттау, зерттеу, ғылыми қабілеттерін арттыру, әдеби тіл байлығын кеңейту, жазушы шығармаларының рухани құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Конкурс екі кезеңнен тұрады (3 секция бойынша):

- 1) Іріктеу кезең (ғылыми жобалар сараптамадан өтеді) – **25 ақпанға дейін** жұмыстар 86mektep.gimnaziya@bk.ru мектеп поштасына жіберіледі. Сараптаманың қорытындысы **11 наурыз күні** жарияланады.
- 2) Қалалық кезең – **15 наурыз күні** М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында өтеді (Мекен-жайы: *Нұр-Сұлтан қаласы, А.Бөлекпаев 20*).

Секциялар атауы:

1. М.О.Әуезовтің әдебиеттану ғылымындағы орны.
2. М.О. Әуезов және тарих.
3. М.О. Әуезов және әлем әдебиеті

Тіркелу уақыты: сағ. 09:00-09:30.

Жұмыстың презентациясын алдын ала 86mektep.gimnaziya@bk.ru поштасына жіберу керек. (презентация 5 слайдтан аспау керек. 1-слайдта тақырыбы, оқушының аты-жөні, мектебі, жұмыстың қысқаша аннотациясы жазылады. 2-слайдтан бастап, жұмыстың негізгі бөлімі беріледі).

**Сараптамаға (қағаз түрінде) тапсырылатын жұмысқа қойылатын талаптар
(жұмыстар мұражайға өткізіледі):**

- жұмыс көлемі 15-25 бет көлемінде ұсынуы тиіс;
- мәтіні WORD
- шрифт Times New Roman 14
- аралық интервал 1,5 мм.
- сол жақ параметрі 3 см.
- оң жақ параметрі 1,5 см.
- жоғары, төмен жағы 2 см.
- беттер нөмірленуі тиіс.

Титул парағы:

- жұмыс жүзеге асырылған ұйымның аты;
- жұмыстың тақырыбы;
- бағыты (тарих, тұлға, туған ел, адамгершілік т.б.);
- орындаушы (тегі, аты, мектебі, сыныбы, қаласы);
- жұмыс жетекшісі (аты-жөні, жұмыс орны, қызметі);
- жұмыстың орындалған уақыты.

Мазмұны:

- абстракт (аннотация), жұмыстың қысқаша мазмұны *(200 сөзден артық емес)*;
- кіріспе, жұмыстың тиянақты сипаттамасы *(2 беттен артық емес)*;
- негізгі бөлім, жеке тараулардан тұрады (15-25 беттен артық емес);
- қорытынды, жұмыстың негізінде жасалған нәтиже, ұсыныстар *(1 беттен артық емес)*;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі жұмыс соңында жалпы тізіммен беріледі;
- жұмыс арнайы дайындалған слайд арқылы қорғалады *(берілетін уақыт 5-7 минут)*.

Ұйымдастырушылар

1. Конкурстың өткізілу орнын белгілейді;
2. Қазылар алқасының құрамы мен қатысушылардың тізімін бекітеді;
4. Іс-шараның өткізу бағдарламасын дайындайды;
5. Байқауға тіркелу және қатысу жөніндегі сұранысты қабылдайды.

Қазылар алқасы

1. Қазылар алқасының құрамы жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, білім беру ұйымдарының оқытушылары мен жазушы- ақындардан тұрады;

Конкурстың қорытындысы

1. Конкурстың қалалық кезеңінің қатысушыларына сертификаттар беріледі.
2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Астана дарыны» ДДЖПСО-ның I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі. Жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Конкурстың қорытынды кезеңіндегі I, II және III дәрежелі дипломдардың саны келесі пропорцияға байланысты анықталады: жеңімпаздар санының 50% -ы III дәрежелі дипломдармен, 30% - II дәрежелі дипломдармен, 20% - I дәрежелі дипломдармен

марапатталады. Конкурстың жеңімпаздары мен дайындаған жетекшілері «Астана дарыны» орталығы дипломдары, грамоталар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қатысу туралы сұраныс пен жобалар **2022 жылдың 25 ақпанына дейін** М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының электронды поштасына 86mektep.gimnaziya@bk.ru жіберіледі.

Қосымша ақпарат алу үшін мына байланыс телефонына хабарласуыңызға болады: 87011092507 / 87021501068.

1-қосымша

I қалалық ғылыми жоба конкурсына қатысуға өтініш
(кестеге сай ұсынылуы тиіс)

№	Оқушының аты-жөні (құжат бойынша)	Мектебі, сынып	Тақырыбы	Секциясы	Мұғалімі (құжат бойынша аты-жөні мен байланыс телефоны толық жазылады)

ЕСКЕРТУ!

- Екінші аяқ киімнің болуы;
- Масканың болуы;
- Арақашықтықтың сақталуы.